# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 50 (483)
16 желтоқсан, 2022 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
***Мағжан***



# «Тәуелсіздік ұрпақтары»: ҚОС ҚЫЗДЫҢ ЖЕҢІСІ

**Жас буынның жаңашылдыққа бет бұруы, тың бастамаларға ұмтылысы – келешек кепілі. Бүгінде жастар түрлі салада өзгеріс жасап, ерек идея арқылы Жаңа Қазақстанның қалыптасуына ықпал етуде.**



Мемлекет те өз тарапынан ізденімпаз өрендердің өрісін кеңейтуге күш салу арқылы мүмкіндік алаңын қалыптастыруға құлықты. Тіпті, бұл бағытта әлеуметтік бағдарлама, кәсіптік жоба, саяси шешімдер қабылданғанын білеміз. Солардың арасында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының алар орны ерекше. Биыл қос жерлесіміз – Дина Әділбекқызы мен Әлия Махсатқызы аталған жоба грантын иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Бұл жобаның мән-маңызы ғана емес, жарыққа шығу уақыты да символикалық ерекшелікке толы. Олай дейтініміз, өткен жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 30 жасқа «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыс еткен болатын. Енді, міне, ерекше жоба жалғасын тауып, биыл да грант қайта табысталды.

Жалпы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының мақсаты – шығармашыл жастар шоғырын қалыптастыру, олардың идеяларына қолдау білдіру. Бұл бағытта «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа» бағыттары бойынша жоба қабылданып, тың бастамалар сарапқа түскен. Нәтижесінде үміткерлерден «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына 1000-нан астам өтінім түсіп, 33 жоба үздіктер қатарынан көрінген. Жеңімпаз қатарынан көрінген сырбойылық Дина Әділбекқызы «Мәдениет» бағыты бойынша ерекше жоба ұсынып, қолдауға ие болғанын жеткізді:

– Өткен жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына қатысуға мүмкіндік болмады. Биыл бағымды сынап көруді шешіп, хабарландыруды естіген бойда қажетті құжаттарды жинауға кірістім. Оған қоса ойда жүрген ерекше идеяны жүзеге асыруға жол ашылатынын түсініп, ұсынатын жобаны жетілдіруге күш салдым. Соған сәйкес, Қазақстан аумағындағы ескі шаһар – Ақ орда мемлекетінің астанасы болған Сығанақ қалашығының 3D реконструкциясын ұсындым. Мақсатым – 3D арқылы жастардың еліміздің мәдени мұрасына қызығушылығын ояту. Себебі, мен үшін тарихтың, ұлттық мүдденің орны ерекше. Халқының өткенін білмеген жас өнерін өрістетуге ықпалы жоқ, келешекті қалыптастыруға қауқарсыз, – дейді Дина Әділбекқызы.

Бүгінде жеңімпаз Дина Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде білім алуда. Додада үздік шыққан оның үлгерімі жоғары, жетістігі жетерлік. Сөзінше, грант аясында ұтып алған 3 миллион теңгені жобаны жетілдіруге және жүзеге асыруға жұмсамақ.

Қызылордалық Әлия Махсатқызы да жобаның игілігін сезінгендер қатарында. Жоба комиссиясының шешімімен ол да грант иегері атанып, қаржылай сыйлыққа қол жеткізді. Сырбойылық ару «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыстау рәсімі туралы ой бөлісіп, жобаның маңызы төңірегінде ой бөлісті.

– «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын салтанатты табыстау рәсімі жоғары деңгейде өтті. Сайысты ұйымдастырып, жастарға үлкен мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Бұл дода тың идеялардың өмірге келуіне түрткі болумен қатар Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған жастардың ой алмасып, идея талқылауына мүмкіндік жасады. Сондықтан, жобаның негізгі мақсаты – жастардың шығармашылық ортасын қалыптастыру идеясы жүзеге асты деген ойдамын, – дейді Әлия.

Айта кетейік, аталған жоба түрлі сала мен бағытты қамтып, қоғам дамуына септесетін тың бастамалардың жүзеге асуына жол ашты. Мәселен, олардың арасында «Бизнес» бағытында тағам қалдықтарын тиімді пайдалану үшін арнайы қоқыс жәшігін орналастыру идеясының авторы Райымбек Махамбет, «Мәдениет» бағыты «Өнер – мүмкіндікті шектемейді» инклюзивті театр ашу жобасын ұсынған Айдана Байтусоваларды ерекше атауға болатындай. Ұйымдастырушылардың сөзінше, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты келер жылы да жалғасын тауып, номинациялар саны артпақ.

Жастардың ықылас-ниетін қолдау қашан да жемісті нәтижеге жеткізері анық. Олардың жаңалыққа құштарлығы, мәселеге өзге қырынан қарау арқылы тиімді шешім ұсына білуі көңіл көншітеді. Сондықтан, тәуелсіз елдің жаңашыл жастарын демеу маңызды қадам екені даусыз.

**Берен ШАҒЫРОВ**

# АЗАТ ЕЛДІҢ АРМАНЫ ДА АСҚАҚ



**Алты алаштың басы қосылған қазақ елінің азаттық алғанына биыл – 31 жыл. Тарих бетіне таңбаланған маңызды күнде жарық дүние есігін ашып, әулетке қос қуаныш болған қызылордалықтар көп емес. Соның бірі – аралдық Азамат Қабақов. Өңірлік коммуникациялар қызметінде, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында ақпараттандыру бағытында қызмет атқарған ол қазір Арал ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы қызметінде. Ол Тәуелсіздіктің құрдасы болуды екінің біріне бұйыра бермейтін ерекше сәйкестікке балап, үнемі мақтан етіп жүреді.**

– 1991 жылдың 16 желтоқсанында дүниеге келгенмін. Өзімді тәуелсіздік күнімен «түйедей құрдаспын» деп айтуыма да болады. Адам баласының дүниеге келуі тылсым құбылыс. Сондықтан мен дәл 1991 жылы желтоқсан айында дүниеге келгенімді тағдырдың ерекше сыйы деп түсінемін. Тәуелсіздіктің құрдасы екенім ерекше жауапкершілік жүктейді. Еліміз Тәуелсіздік алғанда біз Арал ауданы, Қамыстыбас ауылында тұрдық. Елмен қатар өстік, өндік. Мектеп бітірісімен Жамбыл облысына бардым. Мақсатым – жоғары білім алып, болашақ мамандығымды айқындап алу. 4 жыл Тараз мемлекеттік университетінде оқып, біраз шыңдалдым. Одан кейін туған жерге оралып, еңбек жолын бастап кеттім, – дейді Азамат.

Мерейлі мерекеде дүниеге келген Азаматқа бұл жай ғана қуаныш емес, үлкен жауапкершілік жүктейді.

– Қазақтың қалың тарихына үңілсең, талай рет тағдыры қыл ұшында тұрғанын байқайсың. Тағдырдың сын тезінен аман қалған халқымыз білектің күшімен, найзанын ұшымен ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талатын кең даланы бізге аманат етті. Ата-баба арманына біз жеттік. Ел тарихындағы елеулі күнде дүниеге келуім жүрегіме шуақ шашады. Тәуелсіздікпен құрдас болуымды маңдайға жазыпты. Тағдырдың сыйымен келген бұл күн – мен үшін үлкен жауапкершілік. Қазір әр қадамыма есеп беріп, әрбір ісіме жауапкершілікпен қараймын. Күш-жігерімді Отанымды көркейтуге, гүлдендіруге жұмсаймын. Халқымның бақытты болуын қалаймын. Асқақ елдің арманы биік, адастырмайтыны кәміл. Қандай қызметті болса да, мінсіз атқаруға күш саламын. Мен Тәуелсіздікті осылай түсінемін, – дейді ол.

Азамат қашанда өзінің елгезек мінезімен ерекшеленіп тұрады. Аға буынға інілік ізгі қасиетін көрсетіп, кішіге қамқорлық танытып жүргенін жиі байқаймыз. Өз қызметінде әріптестерімен ой бөлісіп, жұмыстың жүйеленуіне көңіл бөледі. Арал аудан әкімдігінің жұмысы көпке мәлім. Билік пен қоғам арасындағы байланысты нығайту бағытында мамандар жедел, сапалы әрекет жасауға тырысады. Сол қат-қабат тірлікті үйлестіру жас та болса Азамат және оның әріптестеріне жүктелген.

– Еркін, тәуелсіз елде өмір сүру адамның алаңсыз, бақытты ғұмырының кепілі болмақ. Тәуелсіздіктің тұғырлы, берік болуы елдегі әрбір адамға байланысты. Ата-бабаларымыз аңсаған азаттығымыздың бағасын білгеніміз абзал. Азат елдің арманы да асқақ, болашағы биік, – дейді Азамат.

**Дина БӨКЕБАЙ**

# ЕГЕМЕНДІК ЕНШІСІ



**Тәуелсіздік – елдің өткені мен бүгіні, келешегінің бағдары. Қаншама жыл теңдікті, еркіндікті асыға күткен ұлттың асыл арманы. Халықтың болашаққа үмітпен қарап, небір нәубетті қайыспай көтеруіне сеп болған да осы сезім шығар, бәлкім. Тіпті, жас өркен үшін де бүгінгі Тәуелсіз мемлекеттің мерейлі әр сәті маңызға толы, құны өлшеусіз екені даусыз. Сондықтан мереке қарсаңында жастарға Тәуелсіздік тарту еткен мүмкіндіктер легін таныстырудың сәті түсті.**

Ең алғашқы мүмкіндік – бағытталған саясат. Яғни, 2015 жылы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылданып, жүйелі жұмыстың заңнамалық негізі анықталды. Нәтижесінде бүгінге дейін жалғасқан жоспарлы жобалар, жарқын бастамалар жастарға түрлі мүмкіндік сыйлап, сан салаға серпін әкелді.

Білім алу қолжетімділігі де жетістік қатарында екені даусыз. Себебі жастарға тегін оқуға, әлемдік оқу орнында білім алуға жағдай жасалды. Елдегі білім гранттарының саны да айтарлықтай өсіп, қазіргі таңда барлық студенттің үштен бірі бюджет есебінен білім алуда. Бұған Nazarbayev University-нің білім стандарты мен ЖОО-ға жасалған реформаларды да қосуға болады.

Жастарға жасалған мүмкіндікті айтар шақта әлеуметтік мәселелердің шешілуіне тоқталған жөн. Бұл орайда жастар жалпыұлттық міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылып, жастар саясаты саласында бірқатар жоба әзірленді. Әсіресе, елді мекендерді көгалдандыру мен абаттандыруға арналған «Жасыл ел», «Серпін – 2050», жастарға өз бизнесін дамытуға шағын несие беретін «Еңбек» бағдарламаларын, ауылдық жердің кадрлық әлеуетін күшейтуге бағытталған «Дипломмен – ауылға!» жобасын атап өтуге болады.

Айтулы мүмкіндіктің бірі – баспана жайы. Қоғамда өзекті тақырыпқа айналған мәселе жүйелі шешімін тауып келеді. Мысалы, «7-20-25», «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламалары аясында көптеген жас баспаналы болуға мүмкіндік алса, «Жас отбасы» жинақтау бағдарламасының игілігін көргендер де көп.

Жастардың тұлғалық дамуына үлес қосып, бос уақытын тиімді ұйымдастыруына ерекше көңіл бөлу қарыштап даму үстінде. Өңірлерде оқушылар мен жастарға арналған спорт нысандары, коворкинг орталықтары, кітапханалар және кинотеатр ашылды. Мұнда мыңдаған жас болашағын өзгертер қадам жасап, саламатты өмір салтын ұстанатын қоғам қалыптастыруда.

Иә, 16 желтоқсан – қастерлі Тәуелсіздігіміздің кезекті мерекесі. Маңызды мерейтойға айналған датада өткеннің жетістігін парақтау, болашақ бедерін айқындау – әрбір Қазақстандық үшін маңызды міндет. Бұл орайда жастардың өткенін саралауы, мүмкіндікті бағалауы жарқын болашаққа жол сілтері анық.

**Ерсін ШАМШАДИН**

**...Көлік көп деп
тамсанбай,
Түзу, тегіс жол салмай,
Жолаушының жыры
бітер ме?..**

**Махамбеттің өлеңін жаңа заманға сай өзгертсек, жарасатындай. Бір қатардан-ақ бітпейтін жолдың мен жолаушының жырын түсінеміз.**



# ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖЫРЫ БІТЕР МЕ?

Дұрысы, кешкісін жұмыстан шыққан тұрғын, сабақтан шыққан оқушы мен үйіне асыққан студенттер түсінеді. Көлігі жоқ қарапайым тұрғындарға боран мен қарсыз-ақ бойыңды қалшылдатып жіберетін Қызылорданың қара суығы жақсы таныс. Мұндайда тегіс жол мен жол ережесін айтпағанда, аялдамада сағына, сарыла күткендерді суықта қалдырған қоғамдық көліктің тез жеткеніне тәубә дейсің. Қалаішілік автобустардың уақытылы жүрмейтіні, жолаушының ұзақ күтетіні, тіпті, кей бағыттағы көліктерге адамның сыймай қалатыны айтылмай жүрген жоқ. Неге қыста да, жазда да қызылордалық автобустар шағымнан арылмайды? Қоғамдық көліктер қандай жүйемен жұмыс істейді? Олардың уақытылы жолаушы тасымалдауына кім жауапты? Осы сұрақтардың жауабын алған едік.

Айта кетейік, жақында ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес, облыс көлемінде «Автобус» жедел-профилактикалық шарасы ұйымдастырылып, оған облыстық полиция департаментінің 450 қызметкері жұмылдырылды. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мамандар жолаушы тасымалдауды жүзеге асырушы автобус, шағын көлемді автобус жүргізушілері тарапынан барлығы 1383 жол қозғалысы ережесін бұзу дерегін анықтады. Сонымен қатар облысаралық және қалааралық 585 қоғамдық көлік құралының жылыту, электр жабдықтары жағдайының сәйкестігі тексерілді. Рейд барысында 36 қоғамдық көлік айып тұрағына қойылса, 35 автокөліктің қозғалысын шектеу мақсатында мемлекеттік белгілері алынды. Бұл – осы аптаның бір жұмыс күніндегі шара барысында анықталған фактілер. Демек күнделікті қайталанып жүрген қалыпты жайт десек, қателеспейміз.

«Күн сайын жұмыстан қайтарда «Универсамнан» 5 маршрутқа мінемін. Оның бағыты бойынша мінетін оқушылар да, студенттер де көп. Кейде маршруттар бір-бірімен жарысып, жылдамдығын арттырады. Кейде өз уақыттарымен асықпай қозғалып, нәтижесінде кешігіп қаламыз. Автобустан кіші қоғамдық көліктердің жеке екенін білемін. Дегенмен кейде адам емес, мал тиеп алғандай жүреді. Жолаушыларға бірдеңе болса, кім жауап береді? Бақылауды күшейту керек сияқты», – дейді Мерей Әскерхан есімді жас маман.



Иә, қоғамдық көліктің мәселелерін айту үшін қарапайым тұрғындармен тілдесу жеткілікті. Себебі барлығы күнделікті көз алдымызда өтіп жатыр.

– Наурыз мөлтекауданына кешке қайту мұң. Таксиге іліксең, жақсы. Күн суықта олар да көп аялдамайтын болған. Адам толтырып алса, кете береді. Қыстың күні қырауда ересектер таксимен келіссе де амалын табады, ал оқушылар ше?! Олар қалай қайтады? Таңғы сағат 8-дер шамасында Наурыздан шықпай жатып-ақ №12 маршрут адамға лық толады. Жұртшылық жарты сағаттан аса уақыт күткенін айтып шағымданады. Сол қоғамдық көліктің кассирі «Автобус паркінің» №2 маршруттың бағытын өздеріне алмақшы дегенін естіп қуанып қалып едік. Артынша парк қызметкерлері маршруттың жүретін жолын көріп, ол ойынан айнып қалғанын жеткізді. Жолдың сапасыз болғанына қарапайым халықтың не кінәсі бар? Тасбөгет пен Қызылжармаға қатынайтын жаңа автобустар тақтайдай тегіс жолмен жүріп жүр ме екен? – дейді журналист Айсәуле Қарапаева.

Қалаға жақын ауылдардан қатынап жұмыс істейтіндер мен студент, тіпті, оқушылардың көп екенін атап өттік. Таңмен қалаға, кешкісін ауылына асығатын тұрғынның бірі – Мөлдір Сабыржанқызы. «Айта айта алтайды, Жамал апам қартайды». Автобустың жырын Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындары айта-айта қартайған түрі бар. Қалаға жақын жердегі ауыл тұрғындарына үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көлік керек. Бүгін әдеттегідей қоғамдық көлікке ауыл адамдары сыймай қалды. Автобус ішінен бір аяқпен тұрғандарды да байқауға болады. Тығылысып міндік. Жұмысқа бару керек, сабақтан да кешігуге болмайды. Амал жоқ, бір аяқтап болса да тұруға тура келеді. Бүгін деймін-ау, бұл күнде кездесетін жағдай ғой. Автобуста бір-бірімен ұрысқан апаларды, «әрі тұр, бері тұр» деген жастарды жиі кезіктіруге болады. Одан бөлек Досан ауылының, Қорқыт ата көшесі, Қарауылтөбе бұрылысынан түсетін тұрғындар көлікті тоқтатып әлек. Содан «өз автобустарыңыз қайда» деген сынды әңгіме өрбиді. Әр аялдамадан тоқтап, адам алып, мінгізу үшін бір-бірін итереді... Осылайша бірі жұмысынан, бірі сабақтан кешігуге мәжбүр. Телефон арқылы мұғалімге кешігіп келетінін жеткізгендері де бар. Айта кетейін, автобус ауылға сағат сайын қатынайды. Соның ішінде таңғы сағат жеті мен сегіз аралығында автобуста адам көп болады. Қалған уақытта еркін баруға мүмкіндік бар. Сондай-ақ кешкі 18:00-19:00-20:00 аралығында сыймай қалып жатады. Ең болмағанда осы уақыт аралығында үлкен сыйымдылықта көлік берілсе, құба-құп болар еді. Автобус паркіне жаңа басшы келіпті дегенді естіп, кішкене ғана ауыл тұрғындарының мәселесі қараусыз қалмайды деген ниет басым бізде...», – дейді ол.

Сала мамандары сол баяғы бітпейтін жолдың жырына не деп жауап қатады? «Қызылорда» автобус паркі ЖШС директорының орынбасары Бәкір Маштаев аталған мәселеге қатысты: «Біздің автобус паркінің теңгеріміндегі автобустар қала іші бойынша 10-бағытта жүреді. Атап айтқанда қала тұрғындарына № 1, 11, 14, 17, 18, 19, 20, 25, 28, 29-маршруттар қызмет көрсетуде. Аталған бағыттардың аралық интервалы 10-12 минут шамасында. Интервалдар сақталады, барлығы өз уақытымен жұмыс істейді. Себебі автобустар жпс-құрылғысымен жабдықталған, тікелей диспетчерлердің бақылауында», – деп өздеріне тиесілі автобустарға шағымның жоқ екенін атап өтті.



Ал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімінің мамандары аталған мәселенің шешімі табылатынына сенімді.

– Қалаішілік қоғамдық көліктердің уақыт интервалы нақты заңмен бекітілмеген. Ал уақыт интервалы жылжымалы құрамда күнделікті жұмысқа шыққан автокөліктердің санына тікелей байланысты. Сондықтан келісімшарт жасасу барысында әрбір бағыттың арақашықтығы ескеріле отырып, бағытқа қойылатын автокөліктердің саны анықталады.

Бүгінгі таңда қалаішілік қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу мақсатында облыс орталығы қосымша жаңа заманауи үлкен автобустармен толығуда. Осыған сәйкес қала ішіндегі қоғамдық көлік мәселелерін кезең-кезеңімен түбегейлі шешу жолдары қарастырылып жатыр. Кіші сыйымдылықтағы автобустардың демалыс күндері болмай қалуы және жұмыс күндері аз болуы, тасымалдаушылардың айтуына сәйкес жанар-жағар майларының суықта қатып қалуы басты мәселеге айналып отыр, – дейді мамандар.

Олардың айтуынша, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыстық бюджет есебінен әлеуметтік жағынан қорғалуға тиіс студенттерге әр жыл сайын қоғамдық көліктің қызметін пайдалану үшін қаражат қарастырылып отыр. Сонымен бірге 2021 жылдың қазан айынан бастап, қоғамдық көліктерде тегін жүру мүмкіндігі I – II топтағы көз мүгедектеріне берілген. Ал мәселенің шешімі қарастырылуда. Қыстың суығы күшеймесе, басылмайды. «Жолдың жырымен қысты жазға, жазды қысқа жалғамай, мәселе шешімін тапса» деген тұрғындар тілегі бар.

**Дина БӨКЕБАЙ**

---

# БАЛАБАҚША: КӘСІПКЕР ҚИЫНДЫҒЫ



**Соңғы жылдары балабақшадағы олқылықтар туралы сын көп айтылатыны жасырын емес. Кей тәрбиешінің бейкәсіби әрекеті әлеуметтік желіге тарап, балаға қол көтерген оқиғалар орын алды. Тіпті, ата-ананың наразылығы, балабақшалардың материалдық-техникалық базасының ескілігі де отқа май құйғандай еді. Осыған орай Оқу ағарту министрлігі бірнеше жүйелі өзгерісті қолға алып, жыл бойы ақпар таратумен болды. Соның бірі – сала министрінің тамыз айындағы №381 бұйрығы. Оған сәйкес келесі жылдан бастап мектепке дейінгі тәрбие берумен айналысатын ұйымдарға берілетін мемлекеттік тапсырыс тәртібі өзгермек.**

Бүгінде аймақтағы кез келген балабақша директоры аталған бұйрықпен жақсы таныс. Жаңа талапқа сәйкес, балабақшалар бейнекамералармен қамтылып, қауіпсіздік шараларының орындалуы, ғимараттың санитарлық және өртке қарсы нормалары қатаң сақталуы шарт. Оған қоса медицина және тамақтану көрсеткіштерінің стандарты, оқу-тәрбие моделі де түбегейлі өзгермек. Тіпті, республика бойынша бірыңғай балабақшаға кезекке тұру электронды жүйесі әзірленуде. Бұл – елдегі барлық балабақшаға ортақ қағида. Министр сөзінше, мұндай өзгеріс бала тәрбиесінің дамуына және балабақшалардың заман талабына сай өзгеруіне мүмкіндік ашпақ.

Аталған қадамдар бүлдіршіндердің сапалы тәрбие алуына жол ашатыны анық. Әсіресе, білім тәрбие-білім беру моделіндегі өзгеріс мақтауға тұрарлық. Мәселен, 3-5 жас аралығындағы балалар – ойын балалары. Сондықтан оларға білім ойын түрінде берілуі керек. Таптаурын әдістемеден бойды аулақ ұстап, жаңашылдыққа бет бұрар уақыт секілді.

Тағы бір ерекшелік – тәрбиеші жүктемесі. Бүгінде бір тәрбиешіге орташа есеппен 25 баладан келеді. Бұл тәрбие сапасын айтарлықтай төмендететіні анық. Себебі, әлі оң-солын білмейтін бір бүлдіршіннің өзіне бас-көз болу, тәрбие беру, өнерге баулу оңай іс емес. Ал әр тәрбиеші кемінде 20-25 балаға жауапты болса қандай нәтиже күтуге болады?! Сондықтан №381 бұйрыққа сәйкес, тәрбиеші жүктемесі азайтып, жаңа жүйе енгізілмек. Мамандар да бала саны аз болса, олардың білім мен тәрбиесіне де көп назар аударылады деген пікірде.

Расында, құжатта кемшілік жоқ десек, жалған болар. Кәсіпкерлердің сөзінше, жеке балабақшалардың жаңа талапқа сәйкес әрекет етуге мүмкіндігі жоқ. Бұл тәрбие беру процесіне қатысты емес, техникалық және қауіпсіздік шараларына байланысты алаң. Басты мәселе – қаржы мен уақыт. Министрлік талап етіп отырған қауіпсіздік құралдарының әрбірі кемінде 2-3 млн теңгеден асып жығылады. Оған қоса вакцина салатын арнайы жәшік орнату, ол жәшіктерді залалсыз кәдеге жарату сияқты талапты орындау басы артық шығын деген ойда. Сонымен қатар кәсіпкерлер келер жылға дейін міндетті қадамдарды әзірлеу тым асығыстық екенін жеткізуде.

Аталған пікірге келісуге де болатындай. Министрліктің №381 бұйрығы тамыз айының соңында күшіне енді. Төрт айда миллиондаған қаржыны қажет ететін талапты орындау қай кәсіпкерге болмасын күш болары анық. Оның үстіне көбінің банк алдындағы несиесі де мұндай жаңашылдыққа жылдам ілесуге мұрша бермей келеді. Сондай-ақ қаншама жұмыс орны мен басқа балабақшаға баруға мүмкіндігі жоқ баланың да жағдайын түсінген абзал. Сондықтан, кәсіпкерлер бұйрықта көрсетілген талаптарға кезең-кезеңімен өтуге немесе талап мерзімін ұзартуды сұрап отыр.

Құжат күшіне енгелі аймақта да бірнеше жиын өтті. Тиісті сала мамандары мен басшылық құрам жеке балабақшалардың наразылығына құлақ түріп, мәселені шешу жолын талқылағанын білеміз. Соның бірі – Өңірлік кеңестің әлеуметтік сала комитетіндегі жиын.

Басқосуда облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов бұйрықтағы қағидаларды облыс аумағында жүзеге асыру мәселесін бүкпесіз жеткізіп, жеке балабақша иелерінің мұң-мұқтажын айтқан болатын:

«Қазір облыста 679 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Оның 441-і жеке балабақшалар. Осы жеке және мемлекеттік балабақшаларда 59 мыңнан астам бала тәрбиеленіп жатыр. Талап қойылғаны дұрыс. Дегенмен жылдың аяқталуына бір айдан аса уақыт қана қалды. Жеке балабақша иелері қағидаға сәйкес дайындалып үлгере ме? Мәселе сонда», – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры.

Басқосуда басшылар өз саласына қатысты сұрақтарға жауап бергенімен, нақты шешім әлі айтылмады. Әсіресе, кәсіпкерлер көтерген балабақша ғимаратына қатысты мәселе ең күрделі олқылыққа айналуда. Себебі жеке балабақша иелерінің басым бөлігі ғимаратты жалға алады. Көп жағдайда жер учаскесі мен ғимараттың иесі меншігінің нысаналы мақсатын өзгертуге келісім бермейді. Олардың сөзінше, ғимараттың нысаналы мақсатын өзгерту қаржы мен ұзаққа созылатын құжат әзірлеу кезеңін талап етеді екен. Сол себепті аталған мәселенің күрмеуі шешілуі қиындау.

Міне, бұйрықтың мектепке дейінгі білім беру ұйымына әкелген өзгерісі мен келеңсіздігінің жай-жапсары осы. Бұл бағытта облыстық кәсіпкерлер палатасы мен құзырлы орган тарапынан бірлескен бастамалар қолға алынып, шешу жолдары ұсынылуда. Талаптарды орындау үшін жеңілдіктер қарастыру, кәсіпкерлердің қаржылық қиындығын азайту шешімдері де қабылданып келеді. Сондықтан келер жылы жеке балабақшаның әлеуеті төмендемейді деген үміт бар.

**Берен ШАҒЫРОВ**

# АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



**Адам денсаулығы мен өмірі – мемлекеттің басты капиталы. Ананың құрсағына біткеннен бастап толғаққа дейінгі 9 ай ішіндегі жай-күйі, жарық дүниеге келгеннен кейін тал бесіктен жер бесікке дейін адам үшін ең құнды қазына денсаулық екенін медицина саласының эволюциясынан байқаймыз. Күніне мыңдаған дәрі жасалып, миллиардтаған қаржы бөлінетін сала барлық мемлекетте маңызға ие. Қазақстанда адам денсаулығын жақсарту мақсатында қандай жағдай жасалуда? Адам жанына араша түсер – ақ халатты абзал жандардың жалақысы талапқа сай ма? Ауылдық жерде өмір сүретін қазақстандықтар қаншалықты медициналық мүмкіндіктерге ие? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.**

### ӨЛІМ-ЖІТІМ АЗАЙҒАН

Медицинаның маңызды жаңалықтарына тоқталсақ. Биыл ана өлімі 3,5 есе төмендеген. Бұл туралы Сенаттағы Үкімет сағатында Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинbackиат айтты. «Халықтың денсаулығын нығайту – үкіметтің маңызды міндеттерінің бірі. Мемлекет басшысының халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында кешенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Елімізде биыл ресми статистика бойынша денсаулық сақтаудың негізгі көрсеткіштерінің оң үрдісі байқалады. 2020-2021 жылдары пандемияға байланысты халықтың денсаулығы күрт нашарлаған болатын. Ол тек Қазақстанда ғана емес, барлық дүниежүзінде байқалған үрдіс. Мәселен, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда биыл 9 айда халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткіші 28 пайызға төмендеп отыр.

Биыл ана өлімі 3,5 есе төмендеді. Ал балалар арасындағы аурулар қазіргі алдын алу зерттеулердің арқасында және ковидтің салдарынан бүгінде өсіп отыр. Халық денсаулығы көрсеткіштерінің жақсаруы халықаралық рейтингтерде де байқалады. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары рейтингінде Қазақстан позициясының жақсарғаны байқалады. 2020 жылы 193 елдің ішінде Қазақстан 65-ші орынды иеленді. Ал 2022 жылдың басында Біріккен Ұлттар Ұйымы біздің мемлекетіміздің рейтингін 6 позицияға көтеріп, 59 – орынға дейін жақсартты», – деді министр.

Министрдің дерегіне сүйенсек, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші шамамен – 32, обырдан – 9, жарақаттан – 4, тыныс алу ағзаларының ауруларынан болатын өлім-жітім – 33, ал туберкулезден болатын өлім-жітімнің 17 пайызға төмендегені байқалады.

Сонымен қатар қазіргі таңда республикада жіті коронарлық синдромы бар науқастарға көмек көрсету үшін 41 тері арқылы коронарлық араласу орталығы, 74 инсульт орталығы жұмыс істейді. Коронарлық араласу орталықтары мен инсульт орталықтары желісін одан әрі дамыту қарастырылған. 2-деңгейлі 4 тері арқылы коронарлық араласу орталығы Түркістан, Қарағанды, Алматы және Жамбыл облыстарында ашылды. Сондай-ақ 30 инсульт орталығын ашу жоспарланған. 2023-2025 жылдары аталған орталықтар Қызылорда, Маңғыстау, Шымкент, Алматы қалаларында ашылмақ. Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында да бұл жұмыс қолға алынатын болады.

### АУЫЛДЫҚТАРҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫЛАДЫ

Бұған дейін министр ауыл тұрғындарында жиі кездесетін ауруларды атап көрсеткен еді. «Бүгінде ауылда шамамен 8 миллиондай адам тұрады, бұл ел халқының 41%-ын құрайды. Ауыл тұрғындарына 5 мыңнан астам медициналық ұйым медициналық көмек көрсетеді. Жалпы медициналық-демографиялық жағдай елімізде тұрақты. Ресми статистика бойынша халықтың денсаулығы жақсарып, өлім-жітім соңғы 9 айда 28,5%-ға төмендеді», – деді министр Үкіметтің бүгінгі отырысында. Жүргізілген зерттеулер бойынша ауыл халқының арасында тыныс алу ағзаларының ауруларынан зардап шегетіндер алғашқы орында (42,7%) тұрса, екінші орында ас қорыту, үшінші орында – несеп-жыныс жүйесі аурулары орын алған.

– Шалғай ауыл тұрғындарына медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында көлік медицинасы дамыған. Медициналық көмек және консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсететін 149 жылжымалы медициналық кешен жұмыс істейді. Биыл еліміздің 10 өңірінде 64 мың тұрғынға медициналық көмек көрсеткен 2 «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздары қайтадан іске қосылды», – деді Ажар Ғинbackиат. Сонымен бірге ауылдарда жедел медициналық көмек көрсету үшін 595 бригада жұмыс істейді және жыл басынан бері 2 млн шақыртуға қызмет көрсетілген.

Ал халық саны 50-ге жетпейтін ауылдық жерлер ше? Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұған да көңіл бөлінді. «Мемлекет басшысының ауыл халқына медициналық-санитарлық алғашқы көмек қолжетімділігін арттыру тапсырмасын орындау мақсатында биыл денсаулық сақтау ұйымдары желісінің жаңа мемлекеттік нормативі бекітілді. Оған сәйкес халық саны 50 адамға дейінгі елді мекендерде медициналық көмекті медицина қызметкері үйде қамтамасыз етеді. Бұрын ауылдарда мұндай мүмкіндік болмаған. Халық саны 50-ден 500 адамға дейінгі елді мекендерде – медициналық пункт, ал халық саны 500-ден 1 500 адамға дейінгі ауылдарда – фельдшерлік-акушерлік пункт ашылады. Бұл 3 медицина қызметкерінің халыққа көмек көрсетуіне мүмкіндік береді», – деді министр.

Халық саны 1 500-ден 5 000 адамға дейінгі ауылдарда дәрігерлік амбулаториялар және халық саны 5 000-нан асатын ауылдарда медициналық-санитарлық алғашқы көмек орталықтары ашылады.

Президенттің сөзіне сүйенсек, келер жылдан бастап шамамен 700 жаңа медицина нысаны салынады. Көпсалалы 32 аудандық ауруханада жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Осының бәріне 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді. Ауылға медициналық пункттер салынғанмен, кәсіби кадр жетіспеушілігі шешіле ме..?

### ДӘРІГЕР ЖЕТІСПЕЙДІ: ЖАЛАҚЫ АРТСА, КАДР КӨБЕЙЕ МЕ?

Министрдің баяндамасы бойынша елімізде 3 900 дәрігер жетіспейтіндігі анықталды. «Кадр мәселесі ерекше назарда. Республика бойынша кадр тапшылығы дәрігерлер арасында – 3 900 маман. Былтыр үш мыңнан астам жас түлек жұмысқа орналастыруға жіберілді, оның 630-ы – елдімекендерде. Биыл 1872 жас түлектің 441-і ауылдарға жіберілді. Келесі жылға 11 мыңнан астам маман дайындап жатырмыз. Маманға әлеуметтік қолдау көрсетілмейді. Үй, көтерме жәрдемақы мәселесін көтеріп жатырмыз. Әсіресе, ауылға баратын дәрігерді ынталандыру қажет», – деді министр.

Ауылға баратын дәрігерді қалай ынталандырамыз? 2022 жылы жалақы дәрігерлерге орта есеппен – 30, орташа медицина персоналына 20 пайыз көтерілді. Ал келер жылдан бастап дәрігерлерге жалақыны орташа есеппен 531 мың теңгеге, орта медицина маманына 250 мың теңгеге дейін көтеру жоспарланған. Сонымен бірге медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін және медицина қызметкерлерінің мәртебесін сақтандыру жүйесін енгізу үшін тиісті заң жобасы әзірленуде.

Статистика бойынша бүгінде ауылдық жерлерде 67 мыңнан астам медицина қызметкері, оның ішінде 13 мың дәрігер және 54 мың орта медицина қызметкері жұмыс істейді. Медицина кадрларын ауылға тарту үшін түлектердің міндетті түрде 3 жылдық жұмыс істеу нормасы қабылданды, келген әрбір дәрігерге 1 миллион теңгеден 2 миллион теңгеге дейін көтерме жәрдемақы бөлінеді, ал кейбір әкімдіктер (Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары) 3-5 миллионға дейін бөледі. Бұл – жас маман үшін жақсы мүмкіндік. Дегенмен «Дипломмен ауылға» аттанған талай жастың тағдыры қайталанып, «үй үшін» ғана қызметке орналасқандар мерзімі біткен соң қаласына қайта оралмай ма? Осы мәселе ойландырады...

**Дина БӨКЕБАЙ**

# КӨЗ АУРУЫ: БАЛАҒА ҚАУІП НЕДЕН?

**Көз ауруының түрлері көп. Соның ішінде глаукома диагнозы көп адамдарға қойыла бермейді. Себебі ол екінің бірінде кездесетін ауру түрі емес. Ол түбінде көздің мүлде көрмей қалу қаупіне алып келеді. Ең ауыры, бұл ауру тұқым қуалайды. Дәрігерлердің айтуынша, күтпеген жерден көрмей қалу жағдайына душар болатындар санатында балалар да бар. Оның себебі телефонға телміргеннен, компьютерге көп тәуелді болғаннан басталып жатады. Сонымен қатар қазіргі таңда офтальмотолог дәрігерлеріне кезекте тұрғандардың дені – 18 жасқа толмағандар.**

Елімізде көзі ауруына шалдыққан балалар көп. Оның басты себебі жоғарыда айтқан – қолымыздан түспейтін қалта телефон. Күн-түн демей қолдан тастамайтын телефонды мамандар күніне 40 минут қана ұстауға рұқсат етеді. Олардың айтуынша, телефон ұстау балаға ғана емес, үлкендерге де зиян. Ол көзді құрғатады. Арада 40 минут өткен соң 10-15 минут көзді демалдырып, жаттығу жасаған жөн. Ал біздің "бала жыламасыншы" деп қолына телефонды ұстата салатынымыз жасырын емес. Осының салдарынан балалар арасында көз ауруы жиілеуде. Балалар арасындағы көз ауруы, салдарымен, емдеу жолы, алдын алу шарасы жөнінде І санаттағы балалардың көз дәрігері Айжан Бақбергеновадан мән-жайды сұрап білдік.

«Балалар арасында көз ауруының жиілеуінің себебі көп. Оның бір ғана нәрсемен қарастыруға болмайды, яғни оған бейімдеуші факторлар бар. Ішкі орта, адам ағзасының түрлі патологияға ұшырауы да көзге әсер етеді. Сондай-ақ ол тұқымқуалаушылық, ата-анасынан берілетін гендік фактор, дәрумен жетіспеушілігі, нәрестенің шала туылуы, туа біткен көз ақауы болуы мүмкін. Сыртқы ортадан әсер етуші факторларға техникалық құрылғы телефон, смартфон телевизор, планшет компьютер және т.б жатады. Бала көз алмастан телефонға үңіліп отырса, көздің құрғауы салдарынан көз жасаурап, талып, ауырсынады, адам ағзасының қимыл қозғалысы шектеледі, гиподинамия пайда болады. Қан айналымы бұзылады. Жарықты дұрыс пайдаланбау да көзге зиян. Мысалы, шам арқылы кітап оқу. Жасөспірімдер арасындағы шылым шегу, ішімдікке әуестік те көзге әсер етеді. Химиялық өндірістен болатын түрлі жарық салдарынан да көз ауруы пайда болады. Бірақ ең зияндысы – телефон. Компьютер мен телефонның әсерінен балалар арасында ерте жастан көздің (рефракция) алыстан немесе жақыннан көрмеуі көбеюде. Бұл – көздің жүре пайда болған ауруы. Ол ағзаның әлсіздігі де болуы мүмкін. Алдын алу үшін ата-ана баланы қадағалап отыру керек. Әкесінде немесе анасында көз ауруы болса ол балада да пайда болуы ықтимал. Бас ауруы, яғни, бас ішілік қысымның жоғары болуы, неврологиялық аурулар, қант диабеті, іш құрылысының ауруы, қан қысымы көз ауруын жиілетеді», – дейді дәрігер.

«Глаукома» деген диагноз бар, бәлкім естіген де шығарсыз. Ол көбіне ересектер арасында, яғни 40 жастан асқан жандарда кездеседі. Жастар арасында мың адамның бірінде ғана кездесуі мүмкін. Ол емделмейді. Ең бастысы дәрігердің жіті бақылауында болып, берген дәрісін пайдаланады. Біз – дәрігерден осы ауру балалар арасында кездеседі ме деп сұрадық. "Жалпы балалар арасында глаукома кездеседі. Глаукома – ересектерде ғана емес, жасөспірімдер мен жаңа туған балаларда да кездесетін ауру. Сәбидегі туа біткен бұл аурудың өз ерекшелігі бар. Егер перзентханада бірден анықталса, баланың көзін емдеуге болады. Кейбір кезде сау туған бала 10 жастан асқан соң аяқ асты осы ауруға шалдығуы мүмкін. Баланың көзішілік қысымын өлшеу өте қиын. Бала көздің аурып тұрғанын сезбейді, басы ауырып жүруі мүмкін. Облыс бойынша балалар арасында туабітті глаукоманы жоқ деп айтпаймын. Бұл диагнозбен екі-үш жылда бір бала туылады. Нәресте дүние есігін ашқаннан кейін міндетті түрде дәрігерге қарату керек. Перзентханадан шықпай тұрып, баланы көз дәрігеріне көрсеткен абзал. Дәрігер шала туған нәрестені жіті бақылауда ұстайды. Себебі, 30 аптаға дейін босанып қойса, онда көздің түбіндегі тор қабатының ажырап кету қаупі болады. Ол ерте соқырлыққа алып келуі мүмкін. 30 аптаға жетпей туған нәрестеде шала тұғандардың ауруы (ретинопатия) кездеседі. Бұл – өзекті мәселе. Бұл диагнозды анықтау, көздің түбін тексеру өте қиын. Және ол арнайы аппарат арқылы анықталады," – дейді окулист.

Қазіргі таңда дәрігерге өз еркімен келетіндер аз. Ауырғанда ғана дәрігер есігін қағады, мұның адам денсаулығына қаншалықты зиян екенін білеміз.

"Көп ата-ана баланы мектепке берер уақытта ғана әкеледі. Баланы 2,6,9 айлығында, бір және үш жасында дәрігерге апарып тексерту керек. Балаға көзілдірік таңдауда қиын. Себебі екі айлық нәрестеге көзілдірік бере алмаймыз. Ал 9 айлық кезінде түрлі тартпа, резинкаларды тартып қою арқылы көзілдірікке үйретеміз. Бала болған соң жұлып тастау, алып тастау сынды нәрселер орын алады. Ата-ана осыған мұқият болу керек. Қазіргі таңда бала паспорты сұралады. Сонда дәрігердің жазбасы тұрады. Қанша пайыз көретіні толтырылады.

Ана баласының денсаулығына туған сәттен бастап назар аударуы керек. Себебі қай аурудың болсын асқынып кетпей тұрып алдын алған жөн. Біз көбіне дәрігерге кіріп-шыққанша асығамыз. Бір парақ қағазға қол қойдыру үшін кезекке тұрамыз. Басты мақсатымыз – қол қойдыру. Ал асықпай дәрігердің толық тексерілуінен өтіп барып, қол қойдырсақ нақты қай жеріміздің ауыратынын, диагноз қандай екенін білер едік. Мәселен, мектеп оқушылары ұзын-сонар кезекте тұрады. «Бізге дәрігер керек емес, медбикеге қол қойдырамыз» дейді.Мұндай жағдай біздің де басымыздан өткен. Десе де «ауру асқынғанда білінетіні өкінішті. Сондықтан да ауырмаудың қамын жасайық.

Көзі нашар көрсе де бейғамдықпен дәрігерге бармай жүрген адамдар қаншама? Сондықтан бар-жоғы 8 грамм салмақ тартатын жанарыңызға ерекше көңіл бөліңіз», – дейді маман.

**Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА**

# ЕКІ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ




**Астанада Қазақстан мен Өзбекстан жастарының бірінші Конгресі өтті. Шара екі ел Президентерінің кездесуі кезінде жасалған келісім аясында ұйымдастырылған. Форумға көрші елден 20-дан астам делегат қатысты. Арасында блогерлер, еріктілер қозғалысының өкілдері мен жас кәсіпкерлер бар. Олар жастар арасындағы өзекті мәселелерді талқылап, өзара тәжірибе алмасты.**

«Меморандумның мақсаты – ұйымдардың өзара қарым-қатынасын нығайту. Бұл жастар үшін өте маңызды. Себебі көрші мемлекеттермен қарым-қатынасымыз тек экономикалық немесе сауда жағынан болмауы керек. Кездесу нәтижесі болашаққа жақсы инвестиция және жастардың арасында тығыз қарым-қатынас болады», – дейді «Qazaqstan team» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Олжас Сүлейменов.

Көршілес елдің жастары ғылым, мәдениет, кәсіпкерлік және креативті индустрия салаларын бірлесе дамытады. Үш күнге жалғасқан форумға 100-ден астам белсенді жас жиналды.

«Өзбекстаннан жастар делегациясымен келдік. Екі ел президенті жастар саясатына көп көңіл бөліп отыр. Енді жастар конгресін біз Өзбекстанда да өткізуді жоспарлап отырмыз. Шараның маңыздылығы – бір-бірімізбен IT және медиа саласында тәжірибе алмасып, алдағы әріптестікті дамыту», – деді Өзбекстанның жастар ісі агенттігі Наманган облыстық басқармасының бастығы Бахтияр Мирзатов.

# «ЖАЛЫН» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ



**Жастар саясатының дамуына үлес қосып, еңбегімен көзге түскен Жалағаш жастарына аудан әкімінің «Жалын» сыйлығы табысталды. 100 000 теңге қаржылай сертификатты сала үздігі атанған 10 жас иеленді, бірқатар белсенді жас аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.**

Алдымен аудан әкімі қолөнер шеберлерінің көрмесін аралап, өз кәсібін бастаған, инновациялық идеяларды іске асыруға ниетті шағын грант иелерінің, жас кәсіпкерлердің жобасын көрді. «Қай кезде де біз аудан жастарынан креативті дүниелер күтеміз. Ауданда жастарды қолдау бағытында бірқатар жоба жүзеге асырылып келеді. Біз жастардың әлеуметтік жобаларын әрдайым қолдауға дайынбыз», – деді Асқарбек Есжанов.

Аудан халқының 23 пайызын жастар құрайды. Волонтерлік қызмет көрсету бойынша «Jalyndy jas» еріктілер мектебінің жұмысы жыл санап өз маңыздылығын көрсетіп келеді. Оған дәлел «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» бастамашыл топтарды және еріктілерді қолдауға арналған шағын гранттарын жеңіп алу арқылы аудан жастары 3 Coworking орталық, 3 спорттық үйірме, 2 көшеге қоқыс жәшіктерін, ерекше балаларды қолдау бағытында 2 мекемеге материалдық демеушілік, ауылды көркейту үшін 2 ауылға жаңа жоба және 1 отбасыға баспана табыстады. 8 айда еріктілер 6 млн 135 мың теңге қаржыны құрайтын 16 жоба жеңіп алған.

# ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



**Қай елдің болмасын алдында тұратын ұлы міндеттің бірі – саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жастарды жан-жақты, білімді, парасатты, мәдениетті етіп баулу алдыңғы буынның қоғам алдындағы борышы ғана емес, адамзат дамуына үлес қосуы деп білемін. Осы жолда ұрпақ амандығы үшін жан берген батыр бабаларымыздың ерлігін ұлықтау, еңбегін ұмытпау парызға айналуы шарт.**

Халқымыз рухани мол байлықтың мұрагері десек, сол мол мұраны келер ұрпаққа жеткізу – тәрбие бастауы. Жас өркеннің Отансүйгіштік қасиетін ояту, мақсатын айқындау үшін де өткенді ұлықтай білуінің маңызы зор. Осыған орай өңірімізде биыл техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында Кеңес одағының батыры Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына орай жастармен тәрбие сағат, кездесулер жәні түрлі сайыс ұйымдастырылуда.

Әрине, бұл – ерлікті дәріптеу, өткенге құрмет белгісі. Жастарымызға Кеңес одағының батыры атағын екі мәрте алған жалынды жауынгер Талғат Бигелдиновтің батырлығы үлгі болары анық. Оның қайсар ерлігі жастардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға түрткі боларына сенім мол.

**Берікбол ӘБДІБЕКОВ,**
**«Абылай хан» атындағы жоғары колледжінің Алғашқы әскери және технологиялық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы**

# СЫР ЖАСТАРЫ ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ

**Елордадағы «WorldSkills– 2022» техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы республикалық чемпионат өз мәресіне жетті.**

VII республикалық чемпионатқа еліміздің барлық өңірінен 500-ден астам “World-Skills” өңірлік кезеңдерінің жеңімпаздары қатысты. Олар 30 негізгі құзыреттілік бойынша жарысты. Оның ішінде электрмонтаждау жұмыстары, аспаздық және мейрамхана ісі, бизнеске арналған IT-шешімдер, web-технологиялар, мобильді робототехника, прототиптеу және басқа да құзыреттіліктер бар.

«Біз 30 номинация бойынша жеңіске жеткен үздік студенттерді, колледж түлектерін марапаттадық. Сіздер аймақтық іріктеу кезеңінен сәтті өтіп, республикалық байқауда жеңіске жеттіңіздер және өз шеберліктеріңізді көрсеттіңіз. Жастар арасында аталған қозғалыстың танымал болып келе жатқаны қуантады. Сіздерге халықаралық жарыстарда жаңа жеңістер тілеймін», – деді «WorldSkills Kazakhstan 2022» жарысының жабылу салтанатында Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев.

Кәсіби шеберлік конкурсында облысымыздан 16 құзыреттілік бойынша 17 қатысушы бақ сынап, нәтижесінде алғаш рет 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медалімен және 7 қатысушымыз медальонмен марапатталды.



Конкурс қорытындысы бойынша М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінен қатысушы Аружан Съездқызы “бастауыш білім беру” құзыреттілігінен I орын (Алтын медаль), Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінен қатысушы Нұрдәулет Матен “Кірпіш қалау” құзыртілігінен I орын (Алтын медаль), “Абылай хан” атындағы жоғары колледжінен қатысушы Алматбек Амангелдиев «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігінен II орын (Күміс медаль), Қазалы аграрлы-техникалық колледжінен қатысушы Рамазан Ақжол «Жеңіл автомобильдерді жөндеу және пайдалану» құзыреттілігінен III орын (Қола медаль) иеленді.



Сонымен қатар «Үздік маман» номинациясы бойынша И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжінің қатысушысы Айбол Жақсылық «Инженерлік графика cad» құзыреттілігі бойынша, “Абылай хан” атындағы жоғары колледжінің қатысушысы Анастасия Пак «Шаштараз» құзыреттілігі бойынша, Абылай хан атындағы жоғары колледжінің қатысушысы Айнаш Рашит «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша, Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің қатысушысы Дамир Мырзағұлов «Дәнекерлеу технологиясы» бойынша, Қазалы аграрлы техникалық колледжінің қатысушысы Аида Үйрекбай «Графикалық дизайн» бойынша, Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжінің қатысушысы Диас Аманбай «Сантехника және жылыту» құзіреттілігі бойынша алға шықты. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қатысушысы Сәуле Нұрымбетова «Мектепке дейінгі білім» құзіреттілігі бойынша медальонмен марапатталды.

# КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

**Еліміз тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануы керек. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.**

«Біз өркениеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгеге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ, тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, жастардың қарым-қабілеті жетеді», – деген болатын Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент жақында жастардың білім алуына ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

«Жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті, Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бәріміз жастарды қолдауымыз керек. Өйткені, өскелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ, жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осылай өмір сүрген адам ешқашан, ештеңеден ұтылмайды», – деді Мемлекет басшысы.



Айта кету керек, жастар кәсіпкерлігін дамыту мақсатында 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап жастарға 2,5% шағын несие де берілмек. Несиені 35 жасқа дейінгі азаматтар алуға құқылы. Үміткердің жасы құжаттарды тапсыру кезінде ескеріледі. Сонымен қатар несие алушы жеке кәсіпкер болса, тіркелген мерзімі 5 жылдан аспауы керек.

Несие алудың негізгі шарттары:

• төлем мерзімі – 5 жылға дейін (ауыл шаруашылығы саласындағы жобалар үшін – 7 жылға дейін);

• несиенің ең жоғары сомасы – 5 миллион теңге;

• пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 2,5% аспайды;

• кепілдікке үй немесе сол сомаға сәйкес келетін мүлік қою міндетті.

Жеңілдетілген несиені 5,8 мың жас кәсіпкерге беру жоспарланып отыр. Шағын несие алудың ережелері мен нормалары жайлы құжат Ашық НҚА порталында жарияланған.

Жастарға арналған жаңа жоба «Аграрлық несие корпорациясы» АК арқылы беріледі. Несиені рәсімдеумен халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар айналысады.

Президент өз сөзінде Қазақстанда шағын жане орта бизнесті қаржыландыру ушін 42 миллиард долларға жуық қаражат жетіспейтінін айтқан еді.

**“Сыр медиа” ЖШС ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат материалдарын облыстық «Ақмешіт жастары» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады**

Облыстық “Ақмешіт жастары” газеті 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады. Газет форматы Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына бір рет: бейсенбі күні.

Таралымы - 7835 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

• бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;

• ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;

• ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

**Мекен-жайымыз:** Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjarnama@mail.ru

# МУЗЫКА – ЖАН ЫРҒАҒЫ



**Мамандығым – музыка жетекшісі. Бала күнімнен өнерге жақын болып, өскенде музыка сабағынан дәріс беретін ұстаз, әнші болуды армандадым. Бала арманым орындалып, аймақтағы іргелі оқу оқу орындарының бірі М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Музыкалық білім беру» мамандығына оқуға түсіп, білім алудамын.**

Осында музыканың қыр-сырын меңгеріп, түрлі додаға қатысуға мүмкіндік туды. Өнерге деген сүйіспеншілігім артып, шығармашылығымды шыңдау арқылы кәсіби білім алып келемін.

Музыка – сырлы да сиқырлы дыбыс өнері. Оны сезінуге, түсінуге, естуге үйреніп әрі өзгеге үйретеміз. Әуен жүрегіңді баурап, жан тербетері аян. Сазды музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып, рахат сезімге, ерекше қуанышты күйге бөленеді. Музыка көңілді көтереді, бойды сергітеді, жанға жайлы эмоция тудырады. Адамға қанат бітіріп, бүкіл әлемді бағындыратын да осы күш.

Музыка жетекшісі жай ғана мамандық емес. Атақ-абыроймен алып жүруді талап ететін бекзат болмыс. Мен жұмбақ және сиқырлы музыка әлемінің есігін айқара ашамын. Атқарып отырған қызметімдегі мәртебе – балалардың көзіндегі музыкаға деген қызығушылық. Сондай-ақ мерекелік сценарийлерді құрушы, ойын-сауық бағдарламаларды жасап, көрнекі құралдарды уақытылы әзірлеуші мамандық иесі.

Баланың музыканы қабылдауы, есте сақтауы, дене қимылының үйлесімділігін қадағалуы, музыка жетекшісіне байланысты. Егер маман іскер, білімді, шәкірттің жандүниесін түсінуге қабілетті болса, аталған талапты орындау қиынға соқпайды.

Мен ән салғанды және балаларды ән тыңдатуға, ән айтқызуға, би қимылдарын үйретуге, музыкалық аспаптармен таныстыруға бар ынта-жігерімді арнаймын. Музыка жетекшісі ретінде мерекелік кешті ұйымдастырғанда әрдайым балаларға қиял-ғажайып әлеміне саяхат жасатуға атсалысамын. Бұл балалардың жеке қабілетін ашып, шығармашылығын шыңдайтыны белгілі.

Музыка тілін терең түсінген және меңгерген адам кеңпейіл, ақылды, сезімтал бола түседі. Тіпті адамдарды, қоршаған ортаны ерекше жақын тұтуға ынталы болатынын білеміз. Сондықтан болашақта бала бойындағы эстетикалық талғамды қалыптастырар маман болатынымды мақтан тұтамын.

**Дияр НАҒАШЫБАЙ,**
**М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті**

# ҚАНАТСЫЗ ҚҰС

«Мен бұлай болғанын қаламадым» деп іштей бірнеше мәрте қайталай берді ол шатырға шығар баспалдақтан аттай бере. Оның сол сәтте не сезінгенін дөп басып айту қиын. Қорықты ма, жоқ әлде өзін кінәлі сезінді ме? Әйтеуір ойында сол шешімнен өзге ештеңе болмады. Бұл жолы ол нақты шешім қабылдады.

Ұзақ сапардан шаршап, пойыздан енді ғана түскен алыс туыстарын қарсы алуға анасы да, Аяулым да дайындалып жүр. Күйбең тіршілікте анасына көмектесу – Аяулымның әдеті. Отбасының жалғыз қуанышы, болашақ асыраушысы да осы – Аяулым. Себебі анасының одан кейін сәби дүниеге әкелмей, құрсақ көтере алмай жүргеніне 15 жыл болыпты. Отағасы бұған ешбір сәт қапаланған емес. Оның бар махаббаты жалғыз шуақ аяулы қызына жететін.

Есік қоңырауы. Анасы "келді" деді де, кіреберістегі айнаға қарап, орамалын түзеді, есік ашты. Бұрын соңды көрмеген бейнелер болса да, "туыстар ғой" деген ойға сенімді болды. Асты-үстіне түсіп, сырт киімдерін ілмешекке іліп, үстел үстіне отырғыза бастады. Аяулым амандасуға ұялып тұр. Өзінің туыстары екенін білсе де, қай жақтан, қалай туыстас екенінен бейхабар. Алайда, келген апалары құшақтап сүйгенде, еріндерінің далап іздері бетінде қалып қойған.

Кеш бойы ет желініп, артынан шай ішілді. Аяулым бөлмесінен шықпай, қонақтар отырған үстелге жақындаған емес. Бірақ бөлме есігінен әлде-біреу кіргенде жүрегі зу етті. Таныс емес туысқан екен. Денесі айтарлықтай ірі емес, қара торы, танауы үшкіл, басы тақыр жұнды. Екеуінің әңгіме-дүкен құрып, жақсы қарым-қатынас орнатуына небәрі 10 минут жеткілікті болды. Тіпті, Аяулымға ол ұнай бастады. Сол үшін де оны жақын тартып, "көке" деді. Шынымен, көке дейтіндей орда бұзар жастан асқан жүзі жылы кісі еді.

Ертесіне сол көкесі Аяулымға кешегі айтқан ұнататын шоколадтарын әкеліпті. Күтпеген сыйлық кімді болсын қуантатыны анық. Сол секілді Аяулымның да көңілі жайдарлы, жүзіне күлкі үйірілді.

Бұл күндері әкесінің жұмыстан қолы босамайтын. Көкесі оны білсе де, Аяулымға "әкеңе келдім" деген. Алғашқы күндері тек сыйлықтарын беріп, үйде ұзақ тұрақталмайтын. Біраз күннен соң, әдетке айналғаны ма, әйтеуір, кешкі ас уақытына дейін қалатын болыпты. Оған дейін Аяулыммен уақыт өткізу үшін карта, шахмат ойнайтын. Аяулымның бала көңілі мұндай ойындарға риза етін.

Әкесі бүгін жұмыс барысымен тағы да сапарға шықпақ. Бұл жолы 4 күнге. Аяулым мен анасының мұндай сапарларға еті үйренген. Әкесін шығарып салған соң, анасы өз жұмысына, Аяулым сабағына кетті. Мектептен оралғанда, пәтер есігі ашық екен. Анасы кешке дейін жұмыста болатын. Аяулым бұл жолы оны ерте келген шығар деп ойлады. Бірақ үйдің үлкен залынан теледидар көріп отырған көкесін көргенде, аздап абдырап қалғаны рас, дегенмен үстелден әкелген тәттілерін көріп, бәрін ұмытып кетті. Көкесіне алғысын білдіріп, шай қоюға кірісті. Аяулымның ағалық махаббатты алғаш сезінген сәттері осы еді: бірге уақыт өткізу, ойнау, қалжыңдасу, төбелесу, сұрағанын беру. Көңілі көтерілген Аяулым көкесінің есікті қалай ашқанын енді ойламады.

Түскі асын ішіп болып, ыдыс жуып жатқанда, артынан көкесі келіп құшақтай алды. Аяулым селк ете қалды. Не істерін білмей, тартыншақтап, уысынан шығып кетті. Көкесі тағы жақындай келді де, қолдарынан шап беріп ұстады. Аяулым қолын қағып түсірді. Тіл қатуға шамасы жетпеді. Жетсе де, не айтарын білмеді. Үнсіздікті көкесі бұзып: "Сен маған ұнайсың" деді. Аяулым



бұл сөздің не ойын, не шын екенін түсінбеді. Шындыққа жараспайтынына сенгісі келіп, еріксіз күлді. Алайда, іштей үрейленді. Көкесінің түрі өзгеріп, сұрлана бастады. Бұл жолы Аяулым қорыққанын жасыра алмады. Оның қолынан қысып ұстап, қыстап бөлмеге апара жатқанда қасарысуға қауқары жетпеді. Бәрі көз ілікпестей жылдамдықпен болып жатты. Не болып жатқанын түсінбей делсал хәлде. Аяулым жан дауысымен айқайлай бастады, көршілері естір деген оймен қабырғаларды ұрды, көкесін тістеп, тырнады, бірақ қорғана алмады. Қол түгілі, біреудің көзі түспеген бала денесіне бөтен ердің ізі түсіп жатқанда, жаны қалмады. Жан ағам деп санап жүрген көкесінің мынадай қадамға баратынын үш ұйықтаса да, түсінде көрмеген еді. Көзін тас қылып жұмғанынан есінде қалғаны тек кейбір сәттер: аш қасқырдай атылған қолдар… таныс түр… таныс дауыс… ешқашан сезінбеген ауыртпалықтар…

Тыныштық орнады. Пәтер есігінің сырттан жабылғанын естігеннен соң ғана көзін ашты. Жылай алмады, күші жетпеді. Сүйретіліп орнынан тұрды. Ойында ештеңе жоқ. Тіпті, ойлануға қауқары жетпеді. Жуынатын бөлмеге барып, судың астында ұзақ тұрды. Түк болмағандай ас бөлмеге барып, кешкі астың қамына кірісті. Алайда, тамақты тек бір адамға ғана тойымды етіп жасаған болатын.

Бөлмесіне кіргенде ғана көзінен бұрқ етіп еріксіз жас шықты. Жаңа не болғанын енді түсіне бастағандай. Төсегіне үнсіз қарап тұрып, жылай берді. Істің байыбына әлі де жетер емес. Мүмкін, жай ғана қорқынышты түс болды ма екен? Дәл солай Аяулым өзі де ойлағысы келген. Тіпті бұл қарғыс атқан түстен ояну үшін өзін бірнеше мәрте шымшып, ұрған. Дегенмен, осыншалық ауырсынуды сезінетіндей бұл түстің өтірік болуы екіталай еді. Көзінен жасты сүрткенде ғана есін жиғандай. Телефонға жүгіріп, әкесінің нөмірін теріп жатып, тоқтай қалды. Енді ойы сан-саққа жүгірді. Қандай шешім қабылдағаны белгісіз, бірақ ұзақ уақыттан кейін сырт киімін киіп, пәтер есігін құлттады да, төменге емес, жоғарыға апарар сатыға міне бастады.

"Мен бұлай болғанын қаламадым" деп іштей бірнеше мәрте қайталай берді ол шатырға шығар баспалдақтан аттай бере. Оның сол сәтте не сезінгенін дөп басып айту қиын. Қорықты ма, жоқ әлде өз-өзін кінәлі сезінді ме? Әйтеуір ойында сол шешімнен өзге ештеңе болмады. Бұл жолы ол нақты шешім қабылдады. Әкесінің нөмірін теріп тұрып, қоңырау шала алмағаны, анасына болған жайды түсіндіре алмағаны - жанына батқаны анық. Ата-анасы әрқашан бәрінен жоғары орынға қойған «ұяттан аттап кетемін бе?» деп ойлады:

"Мені жек көріп кетсе ше?" деген ой санасын жеп, маза бермеді. Мүмкін осы бір миын улаған дауыстардан мәңгілікке құтылғысы келді ме, өз үйінің шатырының бұрышына келіп кілт тоқтады. Неткен әсемдік! Күн көкжиектен енді ғана батып бара жатқан сәт. Мұндай көріністер әрқашан ғажайып болатыны сөзсіз. Осы бір табиғат көркемдігін Аяулым соңғы рет көріп тұрғанын білмеді.

Аспандағы еркін ұшып-жүрген құстарға қызықты. Себебі оларға ешкімнің қолы жете алмайды. Көктің ең биігінде тәуелсіз самғап ұшудан артық не арман болуы мүмкін?! Аяулым құстарға қайта-қайта "мені алып кетіңдерші" деп қолын бұлғаған. Сол сәтте Аяулым екі иығында екі қанатының барына сенді. Көзіне көрінбесе де, оны бұл хайуан жаратылыстарға толы тозақ әлемінен құтқарып алатынын білді. Сенді де, тексермек болды. Бір қадам. Алға тағы бір қадам басты. Алайда ешбір құс та, сенген қанаттары да оны құтқарып қала алмады…

**Аружан САДЫҚБЕКОВА**

# МЫҢ ТАҒЗЫМ!

Қаншама күндер өтті арпалысқан,
Жағаласқан, жауменен жанталасқан.
Халқымыз бейбіт өмір сүрсін деумен
Көз жұмды батырларым ер-арыстан!

Тәуелсіздік ерлердің арманы еді,
Ат үстінен бір түспей алғаны еді.
Қанды парақ тарихтың кітаптарын,
Ұмыттырып ұрпаққа ақ таң келді.

Бейбіт күннің шомылып шапағына.
Мен жырлаймын бұл күнді, сен де жырла,
Жеткізген осы күнге жас ұрпақты
Мың тағзым бабалардың рухына!

**Жансұлу АСАНОВА,**

**Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының тәрбиеленушісі**



# ЖАҢАЛЫҚҚА ҚҰМАРМЫЗ

Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгеру заман талабы. Бірақ маман жетіспеушілігіне байланысты шеттілі ақсаңдап тұрғаны жасырын емес. Жалпыға ортақ қолжетімді орталықтар жоқтың қасы. Әрине, жоқ емес, оқу орталықтары бар, кейбір адамдар үйренгісі келеді, курстарға жазылғысы келеді, алайда олардың қалтасы көтермейді. Және осы уақытқа дейін ағылшын тілін қазақ тілінде үйрететін онлайн түрдегі ботты көрген жоқпын. Осыған сәйкес жоба ұсынғым келіп отыр. Бұл жоба қолжетімді бағдарлама «Bot Teacher» аталады. Бағдарлама телеграм желісінде қолданылады.

Артықшылығы:

•Студент уақытының нақты мерзімін талап етпейді;

•Қолжетімді әрі ыңғайлы форматта;

•Ең бастысы, тегін және деңгей бойынша жұмыс жасайды.

Қолданушылар гугл немесе ютубтан іздеп уақытын кетірмейді. Қандай да бір ағылшын тіліне байланысты сұрақтары болса, тез әрі жылдам жауап беретін «Bot Teacher» қолданса болады. Бағдарлама аясын кәсіптік білім беру ұйымдарында да қолдануға болады, жұмысты жеңілдетеді. Боттың міндеттерімен таныстырып өтсем. Боттың міндеттері: - Сәлемдесу;

- ағылшын тілін үйренуге құлшынысты арттыру (мотивация);
- ағылшын тілінде ең көп қолданылатын сөздер мен ережелерді үйрету;
- қолданушыға арнайы сұрақтар тізімін көрсету, мол сұрақтардың жауаптарын жіберу.

**Өмірзақ ҚАРАҚАТ**

# БАЛИДЕ БАС ЖҮЛДЕ БҰЙЫРДЫ



**Қазақстан құрамасы киберспорттан Бали аралында (Индонезия) өткен «PUBG MOBILE» чемпионатында бірінші орынды жеңіп алды.**

Аталған бәсекеде қазақстандық Дамир Омаров, Бақытжан Елменбет, Данияр Қонақбай мен Арман Чамани әлем чемпионы атанды.

«Qazaq Cybersport Federation» командасы жасақталды. Осы құраммен Азиялық іріктеу кезеңіне қатысып, оны жеңіп алдық. Нәтижесінде біздің команда Балидегі әлем чемпионатына қатысуға жолдама алды. Чемпионат 1-10 желтоқсан аралығында өтті. Оған әлемнің 106 елінен жиналған киберспортшылар қатысты. Бұл – біздің мұндай ауқымды турнирдегі бірінші жеңісіміз. Нақты айтсақ, Қазақстан құрамасының «PUBG MOBILE»-дегі алғашқы жеңісі, – деді «Qazaq Cybersport» федерациясының атқарушы директоры Қазбек Жанғазиев.

15 финалдық матчтың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 193 ұпаймен турнир рейтингінде көш бастады. Осылайша, ел киберспортшылары 6 алтын медальді қанжығалап, сайыстың бас жүлдесі – 50 мың долларды ұтып алды.

# ТЕННИСШІЛЕР ТҰҒЫРДА



**Астанада «Дәулет» теннис орталығында 18 жасқа дейінгілер арасында бесінші санаттағы ITF Juniors турнирі мәресіне жетті.**

Қыздар арасында қазақстандық Ульяна Романова жекелей сында үздік шықты. Романова финалда ресейлік Ксения Крупенинаны 6:3, 4:6, 6:2 есебімен тізе бүктірді.

Жұптық сында Әдемі Аманкелді мен Сати Әубәкірова ресейліктер Кристина Белкова – К.Крупенинадан айласын асырып, чемпион атанды. Мұнда 6:2, 6:3 есебі тіркелді.

Ұлдардан Ілияс Маратұлы абсолютті жеңімпаз болды. Ол жекелей сында командаласы Кирилл Колгановтан 6:4, 6:3 есебімен басым түсті. Ал жұптық сында тағы бір қазақстандық Илья Ведмедьпен бірге соңғы бәсекеде отандастары К.Колганов – Виталий Зацепинді жеңді. Бұл кездесу ұзаққа созылып, жеңімпаз 3 сетте анықталды. Қорытынды есеп 1:6, 6:1, 10:2.

Мысырдың Шарм-эль-Шейх қаласында аяқталған ITF World Tennis Tour W15 жарысында Аружан Сағындықова мен Жанель Рүстемова жұптық сында финалға дейін жетті. Олар шешуші бәсекеде доданың бірінші ракеткалары, қытайлық Тайбэй өкілдері Сунь Чо – Цен Чоға ғана есе жіберді – 1:6, 0:6.

# ЖЕҢІМПАЗ ЖӘНІБЕК



**Ауыр атлетиканың елімізде бәсі жоғары екені белгілі. Әсіресе қызылордалық атлеттердің жеңісі көпшілікті қуантып жүр. Соның бірі – мақтанышымыз Жәнібек Абсаттар.**

Ол ауыр атлетикамен 3 сыныптан бастап айналысады. Үлкен спортпен шұғылданып жүргеніне 6 жылдан аса уақыт өтті. Осы уақыт аралығында бірнеше мәрте жүлделі орындармен оралды. Соңғы өткен Қазақстан чемпионатында алдына жан салмай барлық мүмкіндігін пайдаланып, жеңімпаз атанды. Осы жетістігінің арқасында Жәнібекке «спорт шебері» атағы берілді. Бүгінде Жәнібек Қызылорда қаласындағы №2 облыстың олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде дайындық жұмыстарын жүргізіп келеді.

**А.ЖАНҰЗАҚОВА**

**Беттi дайындаған: Е.ҚАНЫБЕКҰЛЫ**

# «БАСТЫ ПРИНЦИПІМ – УӘДЕГЕ БЕРІК БОЛУ»



**Биыл дзюдодан өңірдің жетістігі жоғары болды. Ішкі біріншілікті есепке алмағанда саңлақтар халықаралық жарыстардан бірнеше жүлдені қоржынға салды. Әсіресе Франциядағы гимназия ойындарында Сырдың балуандары татамиде белсенділік танытып, ел намысын Парижде абыроймен қорғады. Соның бірі – Самал Мәлікқызы. Десек те соңғы кездері Самалдың спорттағы аяқалысы сирей түсті. Жанкүйерлердің сұрауы бойынша татамиден тасада жүрген Самалмен байланыс орнатып, сан сауалға жауап алдық.**

**– Самал, көпшілік өзіңнен татамиде көз жазып қалды. Әңгіменің ауанын осыдан бастасақ.**

– Иә, дзюдодан алшақтап кеткеніме 2 ай болды. Бұл үлкен спорттан кетті деген сөз емес. Жыл бойы жаттығу мен жарыстарда жүретін болғандықтан денсаулығымызды реттеуге мұршат болмайды. Сондықтан үзіліске бет алып, жыл соңында жарақаттан айығудың амалын қарастырып жатырмын. Жазда жазымтай жағдайға тап болып, денсаулығымды қиындатып алдым. Соған қарамастан күні кешеге дейін жаттығу мен жарыстарды үзген жоқпын. Бірақ қанша дегенмен қиын жағдайдың кері әсері көп болды. Бапкерлеріммен ақылдаса келе 2 ай үзіліске бет алғанды құп көрдім.

**– Қазіргі жағдайың қалай?**

– Жағдайым жаман емес. Дәрігерлердің көмегіне жүгініп, ем қабылдадым. Қазір жаттығуға қайта қосылдым. Бүгінде Алматы қаласында оқу-жаттығу жиынында тер төгіп жатырмыз.

**– Екі ай спорттан алшақтап қалу кәсіби спортшы үшін үлкен мәселе емес пе?**

– Әрине, жаттығудан бір күн қалғанның өзінде бабыңды жоғалтасың. Оның қасында екі ай жаттығуға бармай қалғанды түсініп тұрған боларсыз. Қалыпқа келу мақсатында үздіксіз жаттығу істеп жатырмын. Көбіне физикалық жаттығуға ден қойдым. Өйткені ұзақ үзілістен кейін күшім сарқылып қалды.

**– Жыл жабар тұсқа жақындадық. Биылғы жыл Самал үшін табысты болды деп айта аламыз ба?**

– Барыс жылына өкпем жоқ. Жыл басында Астана қаласында Қазақстан чемпионатында топ жарып, үш дүркін жеңімпаз деген атқа ие болдым. Одан кейін Францияда халықаралық жарысқа қатысуға мүмкіндік алдым. Бүкіләлемдік гимназия ойындарында қола жүлдегер атанып, ел мерейі сынға түскен сәтте барымды салдым. Жетістігімнің арқасында жоғары оқу орнына грант негізінде оқуға түстім. Жеңіс бар жерде жеңілістің де қатар жүретіні ақиқат. Тамыз айында Босния және Герцеговинада өткен әлем біріншілігінде жүлде салу мүмкін болмады. Мұның да себебі бар. Өйткені онда ауыр жарақатпен барып, ел намысы үшін сынға түсуге тура келді. Қазан айында қоғам қайраткері Болатбек Сүлейменовті еске алуға арналған хадлықаралық жарыстың күміс жүлдесін жеңіп алдым. Сондықтан бұл жылға ренішім жоқ. Мен үшін ойдағыдай өтті десем болады.

**– Соңғы жарысыңыз Сүлейменовті еске алу бәсекесінде негізгі салмағыңыз 52 келіде өнер көрсете алмапсыз. Мұның себебін білсек...**

– Спортшылардың барлығында салмақты тұрақты ұстап тұру қиын шаруа (күліп). Сондай қиындыққа Сүлейменовтің жарысында тап болдым. Таразыдағы салмағым 54 келі болғандықтан ұйымдастырушылар 57 келіге жолдама берді. Амал жоқ, жаңа салмақта сынға түсуге бел будым. Финалға дейін жақсы нәтижеге қол жеткізгеніммен ақтық сында физикалық күш қуатым жетпеді. Осылайша күмісті қанағат тұттым.

**– Дзюдо уақыт талғамайтын спорт түрі саналғандықтан жарыстардың легі көп екенін білеміз. Алда өзіңді қандай жарыстар күтіп тұр?**

– Жыл аяғы болғандықтан жарыс сирейді. Мұндай уақытта тек оқу-жаттығу жиындары өтеді. Алдағы қаңтар мен ақпан айларында да жаттығу залында боламыз. Наурыз айының бастапқы он күндігінде Орал қаласында Қазақстан біріншілігі өтеді. Сол аламанға бапкерлерім Ришат Бурлов пен Рамазан Мұстафаевтың нұсқауымен дайындық үстіндемін.

**– Спортшылардың дені Олимпиада ойындарында топ жаруды мақсат санайды. Сізде қалай?**

– «Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ» демекші Олимпиада ойындарында бақ сынаудың өзі үлкен арман. Егер төртжылдықтың басты додасында жүлдегер болсаң, спорттың биік шыңын бағындырдым деп қарастырған дұрыс шығар. Алдағы мансабымда қандай жаңалық болатыны беймәлім. Сондықтан Олимпиадаға бару үшін тер төгемін деп құрғақ уәде бермегенім абзал. Өйткені басты принципім – уәдеге берік болу. Бұйырған кетпейді. Егер Олимпиадаға баруға мүмкіндік болып жатса, мансабымның керемет көрінісі деп санаймын.

**– Сәттілік серігіңіз болсын!**

# «ҚАЙСАРДЫ» ЖАҢА БАПКЕР ЖАТТЫҚТЫРАДЫ

**Премьер-лига жолдамасын жеңіп алған «Қайсар» футбол клубын тәжірибелі бапкер Виктор Кумыков жаттықтырады.**

Виктор Кумыков "қасқырлардың" жанкүйерлеріне етене таныс. Ол бұған дейін де қызылордалық клубта жұмыс істеген. Атап айтсақ, 2004 жылы ресейлік маман «Қайсардың» тізгінін ұстап, Сыр жанкүйерлерін жеңіспен қуантқан еді. Сондай-ақ Виктор бапкер «Елімай», «Есіл», «Шахтер», «Ордабасы», «Атырау», өзбекстандық «Мащьал», «Насаф», «АГМК», «Андижан» клубтарын жаттықтырған. Қазақстан футболы тарихында тұңғыш рет «Шахтерді» Еуропа лигасының топтық кезеңіне жеткізді. Үш мәрте Қазақстанның үздік бапкері атанса, «Шахтер» футбол клубымен екі дүркін премьер-лига жеңімпазы, бір мәрте Қазақстан кубогы мен суперкубогының иегері болды. 2008 жылдан бері PRO категориялы жаттықтырушы.

– Қызылорда менің ыстық ұям десем болады. 20 жылдан кейін қайта оралуға мүмкіндік алдым. Аймақ басшысы, Сыр жанкүйерлері сенім артып, жауапты қызметтің тізгінін ұстатты. «Қайсардың» алға қойған мақсатын жүзеге асыруда аянып қалмаймын. Алда үш оқу-жаттығу жиынын өткізіп, чемпионатқа тыңғылықты дайындық жүргіземіз, – деді Виктор Кумыков.

Бас бапкердің көмекшісі қызметін Олег Корниенко атқаратын болады. Кәсіби ойыншы ретінде «Алания», «Жеңіс», «Шахтер» футбол клубтарының намысын қорғаған. Жаттықтырушы ретінде 10 жылдан аса еңбек тәжірибесі бар. Сонымен қатар жергілікті маман Қанат Әлиев бапкерлік штабында жұмыс істейтін болады.

Футбол мансабын аяқтаған Мақсат Байжанов та биылдан бастап клубтың спорт директоры қызметін атқарады. Кемел кезеңге жеткен Мақсат «Қайсардың» жарқын болашағына атсалысатын болады.





Виктор Кумыковтың жетекшілігімен «Қайсар» 15-27 желтоқсанда Түркияда алғашқы оқу-жаттығу жиынын өткізеді. Жиынға 22 футболшы аттанады. Алғашқы оқу-жаттығу жиынына 22 футболшы қатысады. Оның 11-і жергілікті, 4-еуі отандық, 7-еуі шетелдік футболшылар. Өткен жылы команданың намысын қорғаған Нұрымжан Салайдын, Нұрмат Сәрсенов, Елжас Сарбай, Абылайхан Төлегенов, Жоау Педро Оливейра, Мағжан Бауыржан, Бекзат Құрманбекұлы, Аян Құлмағанбетов, Руслан Сахалбаев, Өркен Махан, Дидар Жалмұқан, Кирилл Сидоренко, Мамаду Диалло, Елисей Горшунов, Константин Горизанов секілді ойыншылар бар. Сонымен қатар алғашқы оқу жаттығу жиынында "дала қасқырлары" 2 жолдастық кездесу өткізуді жоспарлап отыр.



# АУЫЛ ДӘМІНЕН АЛЫҢЫЗ!

Дәстүр бойынша ауылға келген көш, үйге келген қонақтың алдынан ақ алып шығу адамгершілік парыз саналса, жаңа көшіп келгендер ризалық білдіріп, алғыс айтады. Сонымен қатар қазақ халқы үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады. Бұл досқа да, дұшпанға да құрметпен қарау керек деген түсініктен шыққан. Ырымның мәні өзіңе зиян жасамаса, сен де тиме, дұшпаның болса да дәміңді аяма дегенге саяды.

Арада қанша ғасыр өтіп, тәй-тәйлаған қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 30 жылдан астам уақыт өтсе де, аққа деген құрмет баяғыдай, сұраныс сол қалпында. Дегенмен алдына сиырын салып, айран пісіп, құрт жасайтын ауыл қазағы азайған. Ауылдың ағарғаны сіз бен біз үшін арман болған уақыт. Дүкенде сатылатын пастерленген сүтке қол жеткізудің өзі қуаныш. Қазір көбі пастерленген сүттің құрамында ұнтақ түріндегі қоспаның барына да бас ауыртпайтын болды, бойындағы дәрумендердің пастерлену барысында жойылып кететінінен хабардар болсақ та, сатып аларда ойланбаймыз. Жаңа нарықта аталған сүт өнімінің түр-түсі көп болғанымен, қойытылған, қорапқа құйылып, жыл бойы сақтала беретін, майлылығы жоғары сүт өндіруден өңірде бәсекелес кәсіпкерлер аз емес. Сырбойылықтар үшін сүт фермаларының саны артып келе жатқаны дәтке қуат. Соның бірі – жаңадан ашылса да, тұрақты тапсырыстарды қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарын да кәсіпке икемдеп отырған «Тұрмағамбет» ЖШС фермасы.




Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылынан ашылған сүт өңдейтін шағын зауыт бүгінгі таңда бүтін ауылды ғана емес, облыс тұрғындарын ақпен қамтамасыз етіп, қарқынды жұмыс істеп келеді. Бұрын ауыл халқы сүтін арқалап автобуспен қалаға тасыса, қазір ол күндер артта қалған. Зауытқа күнделікті сауған сүтін өткізіп, қолма-қол ақысын алып отыр. Осылайша кәсіптің жандануына ауыл халқы түгел атсалысуда. Елдімекенде қазір сүтті мол өндіру мақсатында сиыр асырауға бекінгендердің де қарасы қалың.

– Ауыл халқы бұрын сүтті қалаға, аудан орталығына апарып сататын. Қазіргі таңда осы ашылған сүт зауытына өткізеді. Шағын зауыт – тұрғындар үшін де кәсіптің көзі. Болашақта мал басын арттырып, сүтті молайту жоспарда бар. Сүт өнімдерін аудан көлемінде жеткізіп береміз. Тұрақты тапсырыс беретін жұртшылық дән риза, – дейді «Тұрмағамбет» ЖШС-нің директоры Нұржан Пірмантаев.

Шағын ауылдан шығатын сүт қалай дайындалады? Алдымен зауыт мамандары үлкен ыдысқа сүтті құйып, оның майлылығы анықталған соң әрі қарай жалғастырады. «Майлы сүттен қаймақ, кілегей, майы алынбаған айран жасаймыз. Сепаратор арқылы қаймағын бөлек аламыз. Содан кейін айран жасалады. Мұның бәрі арнайы аппарат арқылы жүзеге асады. Табиғи өнім болғандықтан ұзақ сақтауға келмейді. Жарамдылығы небәрі 10-12 күн ғана.

Мұнда айран, қаймақ, сүзбе, құрт, сарысу өңделеді. 21 млн теңге тұратын құрылғы Ресейдің Екатеринбург қаласынан әкелінген. Әзірге тәулігіне 500 литр сүттен 1 тоннаға жақын өнім шығаруға жарап тұр», – дейді кәсіпкер.

Цехтан өндірілетін сүт өнімдерінің бағасы да қалтаға қонымды, экологиялық жағынан табиғи, таза. Қолда бар шикізаттан дайын өнім шығарып, халықты қамтып отырған шаруашылыққа тұрғындар алғысын айтуда. «Қармақшы ауданы Тұрмағанбет ауылынан сүт өндіріліп отырғанын білгенде ерекше қуандым. Себебі шағын ғана ауылдан күнделі кті тұрмысқа қажетті өнімнің шығуы – тұрғындарға да, кәсіпкерлерге де тиімді. Қала дүкендерінің бірінен осы цехтың сүт өнімдерін сатып аламыз. Жаңа бастамаға сәттілік тілейміз. Адал жолмен жасалып жатқан өнім арқылы елдің көңілі де ағарсын!», – дейді қала тұрғыны Гүлбаршын Рахманқызы.

**Дина БӨКЕБАЙ**




**Тоқты**

Бұл аптада қаржылай қиындықтар туындауы мүмкін. Қымбат киімдерге ақшаңызды жаратпаңыз. Біреуге қарызға ақша беруді де уақытша тоқтата тұрғаныңыз дұрыс. Өзіңіз де сұрамағаныңыз абзал. Уақытыңыз болса, маңызды сұрақтарға басқа күні жауап бергеніңіз жөн.

**Егіздер**

Техникалық жабдықтарға жақсылап қараңыз, әйтпесе күтпеген жерден «тосын сый» орын алуы ғажап емес. Аптада жеке өміріңіздегі жағдай жақсы жағына қарай біраз өзгереді. Бірақ үйіңізде қарым-қатынастың жақсы болуы екіталай, сондықтан өзіңізді сабырға шақырыңыз.

**Торпақ**

Жаңа аптада торпақтардың қарым-қатынасында өзгерістер орын алуы мүмкін. Бәлкім сіз өзіңіз араласып жүрген адамыңызбен қатынасыңызды үзіп, жаңа өмір бастауыңыз мүмкін. Шашыңызды бояп, киім үлгіңізді өзгертуге қолайлы апта.

**Шаян**

Алдағы уақытта қандай да бір мәселелер орын алуы мүмкін. Жүйкеңізді тоздырмағаныңыз абзал, бірер күннен кейін бәрі өз орнына келеді. Махаббатта ұстамды болғаныңыз жөн. Егер адамдармен жақсы қарым-қатынаста болсаңыз, олар да сізге оң көзбен қарайды.

**Арыстан**

Апта басында туысқандарыңыздың біреуіне сіздің көмегіңіз қажет болуы мүмкін. Денсаулығыңызға да көңіл бөлгеніңіз жөн. Ерлі-зайыпты арыстандарға өте қолайлы уақыт болмақ. Жарыңызбен бірге жүріп үйдің барлық шаруасын істейсіз. Ал егер де ата-анаңызбен арада кикілжің туса, уақытты сол кісілерге арнаңыз, татуласуға өзіңіз бірінші қадам жасасаңыз, олар сізді міндетті түрде кешіреді.

**Бикеш**

Бикештер өз жолдастарының немесе әріптестерінің жаңалықтарына қатты қуануы мүмкін. Сіз өзіңіздің достарыңыздың қасында екеніңізді сезінбей жүрсіз, бірақ оған назар аудармаңыз. Жаңа апта махаббат қызығына бөлену үшін қолайлы кез.

**Таразы**

Алдағы аптада таразылар тәуекелге баратын істерге араласпағаны жөн. Әңгіме тек ақша жөнінде емес, барлық іске қатысты. Соңынан бәрі бір қалыпқа түсіп, жаныңыз жай табады. Барлығына сабырмен қараңыз.

**Сарышаян**

Бұл аптада орын алатын кейбір жағдайлар сіздің моральдық жағдайыңызды дұрыстауға мүмкіндік береді. Достарыңызбен ерекше уақыт өткізіп, сүйгеніңізге деген іңкәрлігіңіз күшейеді. Жұлдыздар өз отбасыңызбен немесе сүйіктіңізбен қызықты, әдемі жерлерге баруға кеңес береді.

**Мерген**

Мергендер үшін жаңа апта – өзгерістер кезеңі. Сонымен қатар өмірлік ұстанымыңызды өзгертетіндей оқиғалар болуы мүмкін. Жаңа өмірлік мақсат қойыңыз, қалауларыңызға мән беріңіз. Дегенмен бәріне тез қол жеткіземін деп асықпаңыз. Тәуекел етсеңіз, бәрі де алға басады. Салқын санаға салып, әрекетіңізді сараптауды да ұмытпаңыз.

**Тауешкі**

Жаңа аптада тауешкілер достарымен жақсы қарым-қатынаста болады. Егер ғаламторда көп отырсаңыз, дәл өзіңіздей ойлайтын адамдармен танысып, тілдесесіз. Араласатын ортаңыз жаңарып, қызықты адамдар қосылады.

**Суқұйғыш**

Әрдайым алға ұмтылуға тырысатын суқұйғыштар бұл аптада өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Алайда өзіңізді мазалап жүрген сұраққа шешім табасыз, ізденесіз. Бұрын бастаған жұмыстарыңызды бітіресіз. Сонда ғана сіздің абыройыңыз жоғарылайды. Жақын туысқандарыңыздың кеңесіне құлақ салыңыз, олар сізге дұрыс жол көрсетеді.

**Балықтар**

Әр күн – өмірді өзгертуге арналған жаңа мүмкіндік. Демек әрдайым өзгеруге, жаңаруға болады. Жаңа аптада топтан бөлініп, өзіңізді көрсеткіңіз келеді. Алайда оның қажеті жоқ, сіз онсыз да ерекше адамсыз. Ұнататын нәрселермен айналысып, дамуға уақыт бөліңіз! Басқалардың пікірін қаперіңізге алмаңыз.

**Арман МҰРАТ, «Самғау» жастар сыйлығының иегері:**

# «ЖІГІТТЕР ТАҒАМДЫ МАХАБАТПЕН ӘЗІРЛЕЙДІ



**Жастардың тындырымды ісін бағалайтын «Самғау» сыйлығының биылғы форматы жылдағыдан өзгеше өтті. Ұйымдастырушылар тасада қалған мамандық иелеріне басымдық беріп, үздіктерді анықтады. Соның бірі – аспазшы Арман Мұрат. Ол «Жас аспазшы» байқауында топ жарып, қала әкімінің «Самғау» сыйлығының жеңімпазы атанды.**




**– Жеңісіңізбен құттықтаймын. Бұл сыйлық Арманға оңай жетпеген болар...**

– Рақмет. Солай десек те болады. Өйткені мұндай маңызды сайысқа алғаш рет қатысуым. Шарт бойынша «Қыз жібек» мейрамханасында 10 үміткер 1 сағат ішінде қазылар алқасына дәмді тағам әзірлеу керек болды. Тағамға қажетті азық-түлікке шектеу жасалды. Сондықтан фантазияны барынша іске қостым. Уақыт тапшылығына байланысты салат әзірледім. Негізгі құрамына салат жапырағы мен тауық етін қосып, ұсындым. Қазылар жоғары бағалап, жеңімпаз атанды.

**– Ерекше дүниеңізге қандай атау қойдыңыз?**

– Байқауға байланысты ойдан шығарған соң атын қойып үлгермедім. Мүмкін жарыстың құрметіне орай «Самғау» деп қойған дұрыс шығар (күліп).

**– Аспаз болуды армандайтын жігіттер некен саяқ. Аспазшы болу Арманның бала арманы ма?**

– Негізі фотограф болуды армандағанмын. Ол ойым орындалды. «Социум Қызылорда» қорында бірнеше жыл фотограф қызметін атқардым. Дизайнға көңілім қатты ауатын. Әдемілікті, әсемдеуді жақсы көрдім. Негізі бұл қасиет атам Мұраттан дарыған. Ол кісінің негізгі мамандығы теміржолшы болса да бос уақытының көбін сурет салуға арнаған. Міне атамның кәсібін одан әрі жалғастырғым келді. Бірақ уақыт өте келе аспаздыққа бет бұрдым.

**– Фотографтан әп сәтте аспазға айналдыңыз. Ол сіздің қалауыңыз ба, әлде қаржы тапшылығынан пайда болған жұмыс па?**

– Аспаздыққа келу кездейсоқ болды. Кәмелет жастан асқаннан кейін ата-анамызға салмақ салмай, өз керегімді өзім түгендеуді мақсат тұттым. Содан «Лофт» мейрамханасына даяшы қызметіне қабылданып, уақыт өте келе ас үйден бір ақ шықтым. Көңілім қалаған нәрсені орындамайынша жаным жай таппайды. Аспаздық – соның бір айғағы.

**– Алғаш пісірген тағамыңыз қандай болды?**

– Мектеп жасынан бері анам Гүлфайруз ас әзірлеуге бейімдеді. Үй жағдайында кез келген асты дайындауға машықтандым. Бірақ кәсіби маман ретінде фитучини пастасын әзірлегім келетін.

**– Жұмыста неден ләззат алып, қуаттанасыз?**

– Әрине, барлық адам сияқты, жалақы алғаннан. Шынымды айтсам, өзімнің авторлық тамағымды біреулер мақтап, шын жүрекпен тілек айтса, соған қатты қуанамын. Сонымен қатар ата-анам менің әрбір жетістігіме марқайып отырады, мен үшін сол маңызды.

**– Ер адамның аспаз болғанына өзгелер қалай қарайды?**

– Әйел адам – ас үйдің жүрегі. Ер адамдар үнемі тамақ пісіре бермейді, сол себепті бір рет пісірген кезде бар өнерін салады. Сондықтан ол дәмді шығады. Оның үстіне жігіттер тағамды махаббатпен істейді. Ал әйел адам үшін бұл күнделікті іс. Жалпы шетелде мейрамханадағы бас аспаздың көпшілігі – ер адам. Өйткені ас үйдің жұмысы ауыр, 10 сағаттан астам уақыт ыстық жерде жүресің. 20-30 адам әртүрлі тамаққа тапсырыс берген кезде, оларға 15 минутта дайындап беруің керек. Мұндай қиындықты тек ер адамдар ғана жақсы көтереді.

**Кезекші редактор: Д.БӨКЕБАЙ**

**АҚМЕШІТ жастары**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР**
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР**
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 7399**
**Тапсырыс: 2138**